

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢАНДЫҚСЫН-ТЕГЕУІРІНДЕРІ ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

GLOBAL CHALLENGES AND THE TRANSFORMATION OF INTERNATIONAL RELATIONS

ГЛОБАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ И ТРАНСФОРМАЦИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

ҚАЗАҚСТАН – БЕЛЬГИЯ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Қазақстан Еуропалық Одақпен қарым-қатынастардың дамуына ерекше көңіл бөледі және еуропалық интеграция және даму үрдісінен барлық оң тәжірибесін алады. Еуропалық вектор Қазақстанның саяси, сауда-экономикалық және инвестициялық сыртқы саяси басымдығы болып саналады. Бельгия Корольдігі болса мемлекеттің екі жақты форматтағы негізгі экономикалық әріптесі болып табылуда. Бельгияның Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы көлемі соңғы бес жыл ішінде 3,7 млрд. АҚШ долл. жетті, осыған байланысты Бельгия Қазақстан экономикасына 5-ші ірі еуропалық инвестор болып саналады. Қазақстан мен Бельгия бір-бірімен екі жақты саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге қатты көңіл бөлуде.

Тірек сөздер: Еуропалық Одақ, Бельгия Корольдігі, сауда-экономикалық және саяси әріптес, дипломатиялық қатынастар, инвестициялар.

Аннотация. Казахстан уделяет особое внимание развитию своих партнерских отношений с Европейским Союзом и берет все положительное из опыта европейской интеграции и развития. Европейский вектор остается главным политическим, торгово-экономическим и инвестиционным приоритетом внешней политики Республики Казахстан. В то время, когда Королевство Бельгии считается основным экономическим партнером в двустороннем формате. Общий объем бельгийских прямых инвестиций в Казахстан за последние пять лет составил 3,7 млрд. долл. США, в связи с чем Бельгия стала 5-ым крупнейшим европейским инвестором в казахстанскую экономику. Казахстани Бельгия твердо привержены расширению двусторонних политических, экономических и культурно-гуманитарных связей друг с другом.

Ключевые слова: Европейский Союз, Королевство Бельгии, торгово-экономический и политический партнер, дипломатические отношения, инвестиции.

Abstract. Kazakhstan pays special attention to the development of its partnership with the European Union and takes everything positive from the experience of European integration and development. European vector remains a major political trade- economic and investment priority of the foreign policy of the Republic of Kazakhstan, while the Kingdom of Belgium is main economic partner in a bilateral format. The total amount of the Belgian direct investments to Kazakhstan amounted to 3,7 billion dollars over the past five years, wherefore Belgium became the fifth largest European investor to Kazakhstan's economy. Kazakhstan and Belgium are firmly committed to expansion of bilateral political, economic and cultural ties with each other.

Keywords: European Union, Kingdom of Belgium, trade-economic and political partner, diplomatic relations, investments.

JEL code: F 420

ҚАСТЕЕВА
МЕРЕЙ ӘБИЛТАЙҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының 1-курс докторанты

2016 жылы Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауына жиырма бес жыл толуын атап өтті. Тәуелсіздік жылдары еліміз көптеген асулардан: мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасуы, ішкі және сыртқы саясат, экономика, өзіміздің Конституциямыз бен заң актілерін қабылдауымыз, өзіндік даму векторын анықтаудан өтті.

Қазіргі Қазақстан – әлемдік қауымдастықтың беделді, құрметті және толық құқықты қатысушысы, заманауи демократиялық мемлекет тәуелсіздік жылдары берік экономикалық іргетасы қаланып орныққан. Дұрыс таңдалған басымдылықтардың арқасында, қаншама қиындықтарды артқа тастап, біздің еліміз тұрақты даму мен тұрғындардың әл-ауқатын ұдайы арттыру жолына шықты [1].

Осы кезеңде Қазақстан «Қазақстан-2030» Стратегиясы атты басты құжаттың негізгі стратегиялық тапсырмаларының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын ойдағыдай іске асырып, әлемнің 50 бәсекеге қабілетті мемлекеттерінің қатарына кірді. Қазіргі кезде еліміздің алдында ұзақ мерзімді және келешегі бар «Қазақстан-2050» Стратегиясын»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», «Нұрлы жол» бағдарламасы және индустриялды-инновациялық жедел даму мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына барлық жағынан енуіне бағытталған [2],[3].

Әлемде қандай да бір үдерістер болмасын, Еуропалық Одақ болды, бар және әлемдік дамудың орталығы болып қала береді. Осыған байланысты Қазақстан өзінің Еуропалық Одақпен әріптестік қарым-қатынасына ерекше көңіл бөледі және еуропалық интеграция мен даму үдерістерінен барлық оңтайлыларын өзіне алады.

Еуропалық Одақпен біздің қарым-қатынасымыздың тарихы конструктивизм мен ынтымақтастық бағытында белгіленіп, өзара құрмет пен сенімділікке негізделген. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Еуропалық Одақ елдері – Қазақстанның негізгі әріптесі

екендігін үнемі атап өтеді. Сонымен қатар, ең маңыздысы осы жылдары өткізілген келісімдер екі жақтың да жоғары қызығушылығы мен кең бағыттағы мәселелерді терең жағымды түсіністікпен өзара әрекетті құруға бағытталған.

Басым бағыттар болып өзара сауда, қазақстандық өнімдерді еуропа нарығына шығуын қамтамасыз ету, энергетика, транспорттық байланыс, медицина, экология, ғылым мен білім беру, инновациялық технология, демократиялық үдерістер мен адам құқығы мәселелері болмақ [4].

Ұзақ жылдар бойы Еуропалық Одақ біздің еліміздің басты сыртқы экономикалық және саяси әріптесіміз болып қала береді. Осы жылдары Еуропалық Одаққа кіретін елдерден келген инвестицияның көлемінің 80 миллиард доллар көлемінде болғанын айтуымыздың өзі жеткілікті. Сондай-ақ, Еуропалық Одақтың құрылғанына жарты ғасырдан асты және ол әлемдегі ең ірі үш экономикалық және қаржы орталығының бірі болып есептеледі, сонымен қатар оның құрамына көптеген еуропалық мемлекеттер кіреді.

Еуропалық Одақ – Қазақстанның негізгі сауда әріптесі. 2015 жылы Қазақстан мен ЕО арасындағы тауар айналымы 31,3 млрд. АҚШ долларын құрады, ол Қазақстанның жалпы сыртқы сауда айналымының шамамен 40%-н құрады, бұл дегеніміз – Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері (ЕАЭО) үлесінен екі есе көп екенін көрсетеді. ЕО елдері – Қазақстан үшін маңызды сату нарығы оған Қазақстан экспортының 53,6% шығады, ал еуропалық жеткізушілердің Қазақстан импорты құрамындағы үлесі 22,1%, бұл ЕАЭО мемлекеттерден келетін импортқа қарағанда бір жарым есе аз.

Біздің еліміздің қажет ететін негізгі шетел инвестициялары Еуропалық Одаққа кіретін (Нидерланды, Франция, Италия, Бельгия, Ұлыбритания және т.б.) елдерден келеді [5].

XXI ғасырда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста экономикалық фактор барынша көп рөл ойнайды және солай бола береді. Қазақстан Республикасының

қалыптасу мәнмәтінде еуропалық мемлекеттер негізгі әріптес ретінде Орта Азия аймағында қала береді және Қазақстан үшін экономикалық өзара қатынастың тереңдеуі маңызды болуы сөзсіз.

Алдымен, бүгінгі күні бұл былай түсіндіріледі, Еуропалық Одақ әлемнің ең басты экономикалық орталықтарының бірі және неғұрлым тәжірибелі сауда-экономикалық интеграциялық бірлестік екендігі бірнеше рет атап өтілді. Еуропалық мемлекеттер ішінен Бельгия Корольдігі Қазақстанның ең негізгі сауда әріптесі болып табылады.

Еуропалық векторда Бельгия Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы негізгі саяси және сауда-экономикалық басымдылықтарының бірі болып табылады. 1991 жылғы 31 желтоқсандағы Бельгия Корольдігінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін ресми түрде тануы Қазақстан-Белгия қатынасының дамуының бастауы болды. 1992 жылғы тамыздағы дипломатиялық қатынастың бекітілуінен бастап, Қазақстан-Белгия ынтымақтастығы үйлесімді және жемісті дамуда, сондай-ақ, 2017 жылы дипломатиялық қатынастың орнауының 25 жылдық мерейтойын атап өтетін боламыз.

Екі ел арасындағы саяси байланыстар интенсивті және сындарлы сұхбат сипатында, сауда-экономикалық және инвестиция жылдық өсім көлемінің көрнекі түрде екі жақты сауда мен инвестицияның көлемінің ұлғаюынан-ақ көруге болады. Қазақстан мен Бельгия арасындағы тауар айналымы 2015 жылы 265,1 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт – 100,3 млн. АҚШ доллары, ал импорт – 164,7 млн. АҚШ доллары.

2015 жылы Белгия Қазақстан экономикасына тікелей инвестициясы 608,5 млн. АҚШ долларын құрады. Соңғы бес жылда Бельгияның Қазақстанға тікелей инвестициясының жалпы көлемі 3,7 млрд. АҚШ долларын құрады, сөйтіп Бельгия Қазақстан экономикасындағы бесінші ірі еуропалық инвестор болып танылды [6]. Қазіргі уақытта Қазақстанда белгиялық капиталдың қатысуымен 35-ке жуық

компаниялар тіркелген. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық саладағы қатынаста дамуда, екі мемлекетте де әртүрлі көрмелер, концерттер, симпозиум, презентациялар, семинарлар мен конференциялар ретінде көрінуде.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Бельгия екі жақты саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық өзара байланысты берік кеңейтуге мүдделі. Сондай-ақ, Белгия Қазақстанды аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды орын алатын, сенімді саяси және сауда-экономикалық әріптесі ретінде танитындығын атап өтуге болады.

Белгияға түсті металдар, металл, жүн, тоқыма мен тоқыма өнімдері, жай металдар мен олардан жасалған өнімдер, химиялық және олармен аралас өнеркәсіп салаларының өнімдері. Қазақстан машиналар мен құрылғылар, механизмдер, электротехникалық жабдықтар, минералды өнімдер, оптикалық, фотографиялық және басқа да құралдар мен аппараттар, тоқыма өнімдері, тамақ өнеркәсібінің өнімдері, темекі, химиялық және олармен аралас өнеркәсіп салаларының өнімдері.

Брюссель бізбен көмірсутекті шикізаттарды жеткізуші ел ретінде энергетикалық ынтымақтастықты кеңейтуге құштар және Қазақстанды осы сала бойынша маңызды, сенімді, қабілетті әріптесі ретінде қарастырады. Қазақстанды өз кезегінде «Жасыл энергетика», яғни дәстүрлі энергетикадағы озат технологиялар мен инновациялар қызықтырады, әсіресе «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу шеңберінде. Бельгияның қалпына келтіруге болатын қайнар көздерді – жел мен күн энергиясы, тұтас алғанда электр энергетика саласын дамыту бойынша тәжірибесі қызықтырады.

Брюссельдің өңдеу мен тарату саласындағы табысты саясаты және Қазақстанның бай шикізат қорының болуы жаңа сапалық деңгейде өзара тиімді әріптестікті жақсы шарттық негізде құруға болатындығына меңзейді.

Қазақстан Республикасының Брюссельмен қатынасының құқықтық негізінің

дамуы және оның қатынасының деңгейін еуропалық мемлекеттермен екі жақты негізде, бірінші кезекте, 2015 жылы 21 желтоқсанда Астанада қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік жайлы жаңа келісімге» негізделеді және біздің еліміз бен Еуропалық Одақ арасындағы қатынастың жаңа дәуірі басталғанының куәсі болдық. Осы екінші буын келісімді Еуропалық Одақтың Шетел істері жөніндегі Жоғары өкілі Федерика Могерини мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов қол қойып куәләндірді. Ол 1995 жылы қол қойылған әріптестік пен ынтымақтастық жөніндегі Келісімнің орнына келді және ол өзара әрекетті 29 саланы, инвестициялаудан бастап, сауданы дамыту, инфрақұрылымдар мен мынандай салаларды: инновация, мәдениет, спорт, туризм, құқық қорғау органдарының ынтымақтастығы қамтиды [6].

Сонымен қатар, Қазақстан мен Бельгия арасындағы барлық өзара әрекетті ынтымақтастықты тереңдетуді қарастыратын екі жақты құжаттардың толық шоғырының заңнамалық тұғырнамасы. Мысалы, пайда мен капиталдан төленетін салықты төлеуден жалтаруға жол бермеу мен қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі конвенция, Қазақстан мен Бельгия арасындағы екі жақты негізде бекітілген әкімшілік өзара көмекпен ынтымақтастық туралы кеден ісі бойынша келісімдер. Осы құқықтық база екі жақты ынтымақтастықты жаңа сапалық деңгейге көтерген әлеуетті құрды, сондай-ақ Бельгия мен Қазақстан арасындағы саяси диалогтың қарқындылығын арттыруға әкелді [7].

Бүгінгі күні Белгия – мемлекеттік құрылыс мәселесінде жемісті саяси бейімдеу мен оралымдылықтың жарқын үлгісі. Д.С. Елманованың пікірінше, Белгия астанасына жалпы еуропалық менталитетті дамыту мен таратудың жетекші ұстанымы тиесілі. Бірақ, сол мезетте Бельгия өткір этносаяси мәселелерімен сипатталатын Батыс Еуропадағы жалғыз федеративті мемлекет. Мұны 2007 жылғы маусым айындағы федералды парламент сайлауынан кейінгі

саяси дағдарыс көрсетті, ел тарихында тұңғыш рет тоғыз ай бойы коалициялық мемлекет жасақтала алмады [8].

Бельгия дәстүрлі түрде ашық экономиканы ұстанады, өз кезегінде халықаралық саудаға өте тәуелді. Сондай-ақ, Белгия экономикасының бағыттары шет елдерді тартуымен ерекшеленеді. Бельгияның ірі банктерінің әлемдегі оншақты мемлекеттерінде қаржылық және коммерциялық орталықтары, еншілес компаниялары және өкілдіктерімен танылған. Бельгия әлемде жан басына шаққанда банктері санының көптігімен белгілі. Бельгия үкіметі дағдарыс кезеңінде өздерінің ірі банктері мен қаржылық нарығын сақтап қалуға белсенді қатысты, нарықтағы өндірістің жоғары тәуекел мүмкіндігіне барды.

Сондықтан, барлық жоғарыда аталып өткендерді жинақтап, қазіргі Бельгия әлемдік ірі экономикамен байланысты ашық нарығымен сипатталады деп қорытындылауға болады. Бельгия географиялық ұстаным тұрғысынан алғанда Еуропа қақпасы болып табылады және оның орталықта орналасуы негізгі еуропалық экономикамен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етеді. Экономикалық дипломатия елдің сыртқы саяси бағдарының негізгі басымдылықтарының бірі болып есептелінеді.

Сондықтан, өзара түсінушілік пен сенімге негізделген тараптар арасында пайда болған саяси диалог, екі мемлекеттің мүддесін есепке ала отырып, құрылған екі жақты ынтымақтастықтың барлық бағыттарын ұлғайту үшін жақсы негіз болып табылады.

Сонымен қатар, екі жақты ынтымақтастықтың сүбелі нәтижесі бола тұрса да, оны тек қол жеткізген жетістіктің салмақты базасын жасайтын, оның күшті әлеуеті деуімізге болады. Қазақстан мен Бельгия арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі қарқынын ұстана отырып, алдағы уақытта да бәрін қамти алатын стратегиялық және өзара тиімді әріптестік бағыттары дамитындығын сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер

1. 16 декабрь 2016 года исполнится 25 лет обретения независимости Республики Казахстан <http://topnews.eakmo.kz/news/6500fb5d69ca26c84a2f69b77e2bab7c/index.html>;
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева с посланием о государственной программе новой экономической политики «Нурлы жол»;
3. Текст государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 г.;
4. Официальный сайт Министерства иностранных дел Республики Казахстан;
5. ICTSD International centre for trade and sustainable development (2015) Казахстан и Евросоюз подписали Соглашение о расширенном партнерстве и сотрудничестве <http://www.ictsd.org/bridges-news/мосты/news/казахстан-и-евросоюз-подписали-соглашение-о-расширенном-партнерстве-и->;
6. Kazpravda, Inc (2016). Европейский вектор <http://www.kazpravda.kz/fresh/view/evropeiskii-vektor1/>
7. Kazinform, Inc (2016). Основной объем привлекаемых в РК прямых иностранных инвестиций приходится на страны Европейского союза http://www.inform.kz/en/osnovnoy-ob-em-privlekaemyh-v-rk-ryamyh-inostrannyh-investitsiy-prihoditsya-na-strany-evropeyskogo-soyuza_a2876388;
8. Елманова Д.С. Узловые проблемы географии населения современной Бельгии. Автореферат на соискание ученой степени к.геогр.наук. - 16.11.2010 г. – 26с.

ГИБКОСТЬ ВНУТРЕННЕГО СУВЕРЕНИТЕТА - ФАКТОР ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ «ЦВЕТНОЙ РЕВОЛЮЦИИ»

Аннотация. В статье выдвинута и исследована самостоятельная авторская гипотеза. В соответствии с ней «цветные революции», широко известные по событиям «арабской весны» и в странах постсоветского пространства, могут быть предотвращены благодаря развитости внутреннего государственного суверенитета. Исходным эмпирическим материалом послужили два выступления Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. В первом публичном акте изложена реакция на террористические события в Актобе в июне 2016 года. Второе выступление в январе 2017 года анонсирует принципиальную модернизацию конституционного строя Казахстана. Сопоставляя данные события с научными подходами к «цветным революциям» и феномену гибкого суверенитета, автор демонстрирует теоретически- и практически-значимую взаимосвязь данных явлений.

Ключевые слова: цветные революции, гибкий суверенитет, конституционная реформа, Казахстан, парламентаризм, демократизация.

Аңдатпа. Мақалада дербес авторлық гипотеза ұсынылып, талданған. Осыған сәйкес, ішкі мемлекеттік егемендіктің дамығандығының нәтижесінде «араб көктемі» және посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердегі оқиғалар бойынша кеңінен танылған «түрлі түсті революцияның» алдын алу мүмкіндігі бар. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөздері бастапқы эмпирикалық материал болды. Бірінші жария актісінде 2016 жылдың маусымындағы Ақтөбедегі лаңкестік оқиғаларға реакциясы баяндалған. 2017 жылдың қаңтарындағы екінші сөзінде Қазақстанның конституциялық құрылысын түбегейлі жаңғыртуға тоқталады. Аталғандарды және «түрлі түсті революция» мен икемді егемендік феноменін ғылыми тәсілдермен салыстыра отырып, автор осы құбылыстардың теориялық және тәжірибелік маңызы бар өзара байланысын көрсетеді.

Тірек сөздер: түрлі түсті революциялар, икемді егемендік, конституциялық реформа, Қазақстан, парламентшілік, демократияландыру.

Abstract. The article proposed and studied an independent hypothesis of the author. In accordance with this